

# ЗАН

№3 | 2025



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ  
ҚҰҚЫҚТЫҚ,  
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ  
ЖУРНАЛ

РЕСПУБЛИКАНСКИЙ  
ЮРИДИЧЕСКИЙ НАУЧНО-  
ПРАКТИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ

ZANMEDIA.KZ

Айжан ҚҰДАЙБЕРГЕНОВА, тәуелсіз сот сарапшысы:

**«САРАПШЫ-ПСИХОЛОГТАРҒА  
ҚОЛДАУ КЕРЕК»**

# ЗАҢ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҚ,  
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ЖУРНАЛ

№3 | 2025

МЕНШІК ИЕСІ:

«ЗАҢ» Медиа-корпорация»  
жауапкершілігі шектеулі  
серіктестігі

Редакторлар кеңесінің  
төрағасы - директор

**Досымбек ӨТЕҒАЛИЕВ**

**РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС:**

**АХПАНОВ А.,**

д.ю.н., профессор

**АЙТХОЖИН К.К.,**

д.ю.н., профессор

**ӘБДІРАСҰЛОВ Е.,**

з.ғ.д., профессор

**БОРУБАШЕВ Б. з.ғ.д.**

профессор (Қырғызстан)

**МАУЛЕНОВ К.,**

д.ю.н., профессор

**СӘБІКЕНОВ С.,**

з.ғ.д., профессор

**ДОСАЛИЕВ Қ.**

з.ғ.д., профессор

**ШУМИЛОВ В.,**

д.ю.н., профессор,

заведующий кафедрой

Всероссийской Академии

внешней торговли

**РЕДАКТОРЫ**

Түймегүл ИБАШЕВА

## МАЗМҰНЫ

*Айжан Құдайбергенова, тәуелсіз сот сарапшысы:*

*«Сарапшы-психологтарға қолдау керек»*

**Т. СМАҒҰЛҚЫЗЫ** ..... 3

*Некоторые вопросы регулирования трудовых отношений*

**Т. АБАЙДЕЛЬДИНОВ** ..... 9

*Қаржылық сауаттылықты арттыру – басты назарда*

**А. АХМЕТОВА** ..... 16

*Мемлекеттік сатып алуда қандай өзгеріс бар?*

**З. ЖАРЫЛҚАСЫНОВА** ..... 19

*Қаржы секторындағы жаңа мүмкіндіктер*

**Т. СМАҒҰЛ** ..... 21

*Еңбекпен өрілген өмір*

**Т. ИБАШЕВА** ..... 23

*Этапы реализации Евразийского интеграционного проекта*

**И. РАЙХАНОВ** ..... 27

*Свидетель, имеющий право на защиту*

**С. МАМАНОВА** ..... 36

*Әке үмітін ақтаған ұл*


**М. ФАЗЫЛОВА** ..... 40

Айжан ҚҰДАЙБЕРГЕНОВА, тәуелсіз сот сарапшысы:

# «САРАПШЫ-ПСИХОЛОГТАРҒА ҚОЛДАУ КЕРЕК»

*Айжан Құдайбергенова қазақстандық сот сараптама саласының Алматы қаласындағы тұңғыш қазақ тілді психологі. Абай облысының Мақаншы ауылында туып-өскен Айжан Жақанбайқызы әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің Философия және саясаттану факультетінің психология бөлімін бітірген. Психологиялық сот сараптамасының дамуына ширек ғасырдан бері атсалысып келе жатқан білікті маманмен психологиялық сот сараптамасы жайлы әңгіме өрбіткен едік.*





Ф. С. Сафуановпен бірге

Ильмир Хамитов мені кәсіби маман ретінде қалыптастырды.

Бұл кісімен қатар, клиникалық және сот психологиясындағы білімді жетілдіруде өндірістік тәлімгерім Ольга Чеснокованың еңбегі зор болды. Сондай-ақ Қазақстандағы алғашқы клиникалық психологтардың бірі Зоя Васильевнамен жұмыс істеу бақыты бұйырды. Менің кәсіби қалыптасуымда өз білімі мен тәжірибесін ақысыз әрі шынайы үйреткен білікті ұстаздарыма алғысым шексіз.

Сот сараптамасының ерекшеліктері мені баурап алғаны соншалық, осы салада 20 жылдан астам

**– Қиын да, күрделі қаракөздер көп еңбек ете бермейтін салаға қалай келдіңіз, кәсіби маман ретінде қалыптасуыңызға кімдердің көмегі тиді?**

– Менің сот сарапшысы-психолог ретіндегі кәсіби жолым тағдырдың күтпеген бұрылыстары мен кездейсоқ жағдайлардан басталды. Олай дейтінім, жоғары оқу орнын бітірерде маған Олимпиадалық резерв мектебінде жұмыс істеуге ұсыныс түсті. Дипломымды алып, сол мектепке құжаттарымды дайындай бастадым. Алайда, аталған мекеменің бас кеңсесі Астанаға көшетін болды. Осылайша, ойламаған жерден амбулаторлық сот-психиатриялық сараптама бөліміне келдім. Бұл салада еш тәжірибем жоқ, тіпті, академиялық білімім де жеткіліксіз еді, өйткені, оқу барысында сот психологиясы кеңінен оқытылмайтын. Дегенмен, мен өте білікті мамандардың қолына түстім. Сол кездегі жетекшім, үлкен жүректі адам марқұм

уақыт бойы қызмет етіп келемін. Жинақталған тәжірибем мені ғылыми-зерттеу жұмыстарына ден қоюға итермеледі. Осы мақсатта Мәскеуде В.П. Сербский атындағы Әлеуметтік және сот психиатриясы мемлекеттік ғылыми орталығында тағылымдамдан өттім. Бұл жерде менің ғылыми жұмысыма аты аңызға айналған ғалым, психология ғылымдарының докторы, профессор Фарит Суфиянович Сафуанов жетекшілік етті.

Жаңа салада көптеген проблемалар мен зерттеуді қажет ететін сұрақтардың болуы мені практикалық қызметіммен қатар ғылыммен де айналысуға шешім қабылдатты. Қазіргі таңда мемлекеттік сот сараптама органдарынан шығып, Сот сарапшылары палатасының мүшесі ретінде кәсіби және ғылыми-зерттеу қызметімді жалғастырып келемін.

**– Қазақстандық сот психологиясының қазіргі даму барысы қалай?**

– Кешенді сот психологиялық-психиатриялық сараптама елімізде бұрыннан бар. Оған психолог ретінде жоғары оқу орындарының мамандарын шақырта беретін. Өйткені, арнайы оқытылған мамандар болмады. 1990 жылдары сараптама ҚР Денсаулық министрлігіне қарады. Осы уақытта психологтарды арнайы маман ретінде сот сараптамасына бекітті, яғни, штат бөлді.

Сот психологиялық сараптаманың бекітілуі психологияға деген көзқарасты күрт өзгертті. Жастар арасында психология мамандығына қызығушылық пайда болды, осылайша сот психологиялық сараптамасы өз бетінше ақырындап дами бастады. Алайда, елімізде сот психологиясы бойынша отандық оқулықтар, оқу құралдары жоқтың қасы. Сондықтан, Қазақстандағы сот сарапшысы-психолог мамандарының көпшілігі Ф.С. Сафуановтың еңбектерін пайдаланады. Бұл мамандықтың мемлекеттік реестрге енгізілгеніне көп уақыт болған жоқ. Сот сарапшысы-психолог мамандығының ресми түрде танылуы мені бас сот сарапшы-психолог мәртебесіне ие етті.

Заман ағымына, уақыт талабына сай Қазақстанда психологияға, психологиялық сот сараптамасына назар аударылды. 2000 жылы елімізде ювенальды соттар құрыла бастады. Бұл жаңалық соттарда негізгі сұрақтарға психиатрлар емес, психологтардың жауап беруін талап етті.

#### – Атап айтқанда.

– Қазақстанда көп жағдайда отбасы бұзылғаннан кейін бала анасында қалады. Алайда, заң бойынша ата-ананың екеуі де баланы өз қамқорлығына алуға құқылы. Соңғы жылдары ажырасқан әкелердің баланы өз тәрбиесінде қалдыруға деген ынтасы артқанын байқап отырмыз. Бүгінде бұл ретте сотқа жүгінуші әкелер саны көбейді. Бұрын мұндай болмайтын. Егер бала әкесінде қалса, алиментті шешесі төлейді.

Бізде әлеуметтік жағдайы жоғары, бизнесте жүрген әкелер басым. Баланы кіммен қалдыру туралы мәселеде біз ата-ананың әлеуметтік, психологиялық жағдайын қараймыз. Психолог әлеуметтік жағдайы жақсы болғанымен, психологиялық жағынан

ата-ананың қайсысы қандай тәрбие бере алатынын да сараптайды. Мұндай мәселелер ювеналды сот шеңберінде шешіледі. Бұл жаңадан енгізілген үлкен соттық сараптамалық зерттеу болып табылады.

#### – Бала демекші, қылмыс жасаған кәмелеттік жасқа толмағандардың бірден сотталуына көзқарасыңыз қандай? Жалпы оған психологиялық сараптама қорытындысы тікелей әсер етпей ме?

– Магистратурада тақырыбым ҚР Қылмыстық кодекстің 15-бабына сәйкес, психикасының бұзылуына байланысты емес психикалық дамуы жағынан артта қалу белгілері бар жасөспірімдерді зерттеуге арналды. Мәселен, оң-солын ажыратып үлгермеген жасөспірім ұрлық, т.б. қылмыстық әрекетке барады. Бізге соның себебін ашу керек. Мысалы, апасы мен атасының қолында өсіп жатқан ерке, оқуға ынтасы жоқ бала қылмыстың не екенін білмеуі де мүмкін. Соның салдарынан ол қылмыстық әрекетке ойын ретінде қарайды. Өйткені, ол түсінбейді, жақсы мен жаманның аражігіне терең бойлай алмайды. Мұндай жағдайда одан қандай жауапкершілік талап етуге болады. Біз ол баланы қалай соттаймыз, оның өміріне қалай балта шабамыз.

Қарапайым тілмен айтқанда «қателік» жас таңдамайды, кез келген жастағы адам қателесуі мүмкін. Ал психологиялық тұрғыда дамуы жағынан артта қалу тек жасөспірімдерге қатысты айтылады. Өйткені, 16-ға толмаған баланың қылмыс жасаған кездегі жауапкершілігін анықтауда адам жасының алар орны ерекше. Сондықтан, мұндай жағдай Қылмыстық кодекстің 15-бабының 3-бөлігінде нақтыланған.

Осы мәселені Ресеймен салыстырсақ, статистикасы бойынша ол елде әр жыл сайын сандаған жасөспірім қылмыстық жауапкершіліктен босатылады. Ал қазақстандық тәжірибеде кәмелеттік жасқа толмағандар қылмысы жеткілікті деңгейде сарапталмайды. Менің зерттеуім бойынша осыған дейін біздегі жағдай 0,03 пайызды құраған. Бұл көрсеткіш толық зерттеу жүргізілмейтінін немесе сарапшының өз басына жауапкершілік алмауы үшін тиісті сұрақты жан-жақты

қарастырмайтынының айқын дәлелі. Өз тәжірибемде Қылмыстық кодекстің 15-бабын міндетті түрде қолданамын, жалпы қолданылуы керек.

**– Сот психологиялық сараптаманың түрлері мен ондағы психологтар функциясына кеңінен тоқталсаңыз.**

– Сот сараптамасында психологтар қарастыратын сұрақтардың негізгісі аффектілік жағдай, яғни, адамға ауыр дене жарақатын немесе орташа дәрежедегі дене жарақатын келтірсе және ол өлімге әкеліп соқтырса сол кезде зерттелуші-сарапталушы (сотталушы) қандай жағдайда болды? Сарапталушы қандай эмоционалдық күйде болды? деген сұрақтарға жауап береміз. Біз адамды сотталушы емес зерттелуші ретінде қарастырамыз.

Мұндай сұрақтар өте күрделі әрі қиын. Себебі, адамның тағдырына, өміріне араласасың, сот шешімі сенің қорытындыңа қарап қабылданады. Мысалы, сарапталушы адам өлтіріп қойса, оның қылмысы ҚР Қылмыстық кодекстің 99-бабымен белгіленеді. Егер маман оны аффекті жағдайында болды десе, онда ол 8 жылға емес, бір жыл мен үш жыл аралығына сотталуы мүмкін. Сондықтан, психолог-сарапшының мойнындағы жауапкершілік өте үлкен.

Сот психологиялық сараптамада шешілетін тағы бір сұрақ – ол суицидке өз өміріне қол салған адамды қандай жағдай, қандай күш итермеледі? Бұған психолог жауап береді. Қазіргі таңда Қазақстан суицид бойынша алдыңғы қатарда тұр. Мұның себебін психиатрлардан бөлек психологтар зерттейді. Мысалы, психиатр ауруы бар ма, жоқ па деген сұраққа ғана жауап береді. Бар болса оның байланысы қандай, жоқ болса ол кімнің қандай әрекетіне қатысты өз-өзіне қол жұмсады дегенді психолог сараптайды. Бұл өте күрделі зерттеулердің бірі саналады.

Сараптаманың тағы бір қызық түрі діни көзқарасқа байланысты, қарапайым тілде секта дейміз. Ал ресми тілде ол қоғамдық діни бірлестік деп аталады. Жалпы айтқанда, «саентология», «новая жизнь свидетелей иогова» дегендер бар. Діни ұйымдарға

байланысты қорытынды жасағанда олардың адам психикасына әсері елеулі екенін дәлелдеп бердім. Осыған байланысты бір қаладағы саентология ұйымын әрекеті бойынша жабу туралы сот шешімі қабылданды. Мұндай сараптамаға көбі бара бермейді, яғни, өткізбеуге тырысады. Өйткені, шешім қандай болады деген күдікке бой алдырады. Дәл осы діни ұйымдарға қатысты зерттеулер жоқ, өйткені, ондағы сұрақтардың жауабын табу қиын.

Мысалы, біз діни ұйымға қатысты сараптаманы қыркүйек айында бастап, наурызда бітірдік. Қыруар уақытты, шамадан тыс энергияны талап етеді. Алты ай бойы зерттеуге алты жүз әдебиет, бейнежазба ұсынды. Сол алты жүз әдебиетті өзің бүге-шігесіне дейін оқып, талдамағаныңша қорытынды жасай алмайсың. Соның бәрін бүкіл күш-жігеріңді сарқып бітіргенде ешқандай қолдау көрмейсің. Әдеттегі сараптамалармен бірдей бағаланады. Бұл түсінген адамға үлкен жұмыс. Оның үстіне осындай күрделі сараптамамен қатар басқаларын да алып жүру керексің. Біздің жұмыста «сен күрделі сараптамамен айналысып жатсың, басқасынан босатайық» деген болмайды.

Сотталушыға психологиялық тұрғыда қысым көрсетілді ме, көрсетілмеді ме дегенге зерттеу жүргізу сараптаманың ерекше түрі саналады. Бұл сұрақ өте қиын әрі күрделі.

**– Тәжірибеде есте қалған, өзіңіз үшін ерекше болған зерттеу ретінде қандай сараптаманы айтар едіңіз?**

– Бізде авиа апаттар орын алды. Соның бірі бойынша Қазақстанда мүлде өткізілмеген сараптама жасалды. Өзге сарапшылар тарапынан техникалық жағдайында кінәрат жоқ, авиапат болмауы тиіс еді деген болжамдар айтылды. Апаттың себебін табу керек. Апат адам факторының әсерінен орын алды ма деген сұрақ төңірегінде сараптама жүргізілді. Сол сараптамаға мен де қатыстым. Ұстаздарымнан кеңес алайын десем, олар да бұрын-соңды мұндай сараптама жүргізіп көрмеген. Ешқайсысында дәл осындай жағдайға қатысты тәжірибе жоқ. Мен үшін бұл үлкен сынақ әрі тәжірибе болды. Психиатр, психолог қана емес бүкіл са-

рапшы бірігіп отырып жүргіздік. Әр маман өз қорытындысын жазады. Қара жәшіктегі жағдайды, ұшқыштардың эмоционалдық күйін зерттеу өмірдегі ерекше зерттеудің бірі болды.

**– Сот сараптамасы неге мемлекеттік тілде жүргізілмейді, мамандар жоқ па әле оның басқа себебі бар ма?**

– Сараптамаға бір емес, бірнеше маман, сонымен қатар, оны қағазға түсіретін іс жүргізуші де қатысуы тиіс. Бірақ, оның бәрімен қамтамасыз ету қазіргі күні мүмкін болмай отыр. Өйткені, іс жүргізушінің жалақысы өте төмен, ол жұмысқа зейнет жасына жақындаған немесе зейнеттегі өзге ұлт өкілдері келеді. Олар жасына қарамай компьютерді меңгеріп алады. Ал орта жастан асқан қазақ тілділер, өкінішке қарай, компьютерге шорқақ. Оның үстіне айлығы аз орындарға мықты мамандар келмейді. Сондықтан, іс жүргізушілік көбінесе қосымша жұмыс ретінде қабылданады. Сот сараптамасына қатысатын мамандардың жауапкершілігі жоғары болғандықтан, мемлекеттік және ресми тілді жетік білетіндер тартылуы керек.

Сот сараптамасы қазақ тілінде неге жүргізілмейді десек, Петропавл, Орал өңірінде өзге ұлт өкілдері, яғни, қазақ тілін меңгермеген мамандар отыр. Олар қорытындыны орысша жазады. Өйткені, заңда мынадай норма бар, сарапшы қай тілді білсе, сол тілде сөйлеуге құқылы. Сот оған аудармашы ұсынуы керек. Осыны сарапшылар өз пайдаларына жаратуда. Бір уақыттары бізде «қаулы қазақша келсе актіні де қазақ тілінде беріңдер» деген талап болған. Әрі бұл қатаң қадағаланды, сол уақытта барлығы қазақша жүргізілді. Ешқандай қиындық туған жоқ. Кейіннен қадағалау қалды, жұмыс бәз-баяғы қалпына түсті. Тіпті, қорытындыларда бас жағы мен аяқ жағы қазақша, ортасы мен



**Мәскеу, тағылымдамадан өту барысы**

түйіні орысша жазылатын сорақылықтар да кездеседі. Нәтижесінде түсініксіз қорытынды шығады. Сол қорытындының адам тағдырына әсер ететінін ұмытпаған жөн. Сондықтан, талап болса, қорытындыны мемлекеттік тілде дайындауға болатынын тәжірибе көрсетті.

**– Жоғары талап қойылмай, сараптама саласындағы мемлекеттік тілдің жағдайы түзелмейді деп отырсыз ғой.**

– Дәл солай. Сараптаманы тек психолог беру керек дейтін болсақ, онда ол, мәтін, мазмұн, т.б. бәрінің сапасына өзі жауап береді. Бұған үлгермейді. Қазақстан Республикасы аумағында сот сараптамасына қатысатын психологтардың көбі қаракөздер, бірақ, ғылыми материал түгелдей орыс тілінде. Қазақ тілінде бізде бірде-бір зерттеу, тіпті, олардың аудармасы да жоқ. Сондықтан, кімге болса да орыс тілінде жазу жеңіл. Бұл негізгі мәселе.

Алматы қаласындағы психикалық денсаулық сақтау орталығындағы психологиялық зертхана тарихына қарасаңыз 1999 жылға дейін онда қазақ тілді маман болмаған. Қазақ тілі мені өз ортама маман ретінде танытты. Қазақ тілінің құдіреті осында. Менің кереметтілігімнен емес, қазақ тіліне деген құрметтің арқасында қазақтың ауылдан келген қарапайым қызын азулы сарапшылар елеп-ескере бастады.

### **– Үкімет тарапынан сарапшы-психологтарға қандай да бір қолдау бар ма?**

– Сарапшы-психологтарға кереметтей қолдау бар дей алмаймын. Қателессең жаза бар, ол үшін сот, құзырлы орган жеке анықтама шығарады. 30 жылдан асты бір сарапшы-психологтың қандай да бір марапатқа ие болғанын көрмеппін. Адвокат, т.б. сарапшы-психологтың шешімімен келіспей шағым берсе, оған міндетті түрде шара көріледі. Содан кейін де шығар бұл жұмысқа көп адам шыдамайды, өйткені, оның еңбегі ешқашан да ақталмайды және бағаланбайды. Жастар келеді, амбиция бар, бірақ, олар жауапкершілікті толықтай өздеріне алып жұмыс істемейді.

Шет мемлекеттерде алтернативті комиссиялар бар. Мысалы, бұрын бізде сараптама Әділет және Денсаулық салаларында қатар болды. Сарапшылар арасында қарама-қайшы көзқарастар туған жағдайда сараптама екі мекемеге де тағайындалатын. Бұл өте жақсы үрдіс, қорытынды жан-жақты зерттеліп жасалатын. Кейіннен Әділет жауып тастады да, толықтай Денсаулық саласына берді. Бұдан соң 2016 жылы кешенді психологиялық сараптама Денсаулық министрлігінен толықтай Әділет министрлігіне ауысты.

### **– Жалпы психологтар үшін сараптаманың қай министрлікте болғаны дұрыс деп ойлайсыз?**

– Шын мәнінде психологтардың жұмысы медицинамен тікелей байланысты. Өйткені, дәрігерлер адамның тәнін зерттесе, психологтар жанын зерттейді. Денсаулық министрлігіне қарағанда ғылыми-тәжірибелік конференцияларға жиі қатысып, білім-білімімізді жетілдіру үшін курстарға баратын-

быз. Конференция, курстардың бізге берері мол. Юстицияға келгенде біз ол әлемнен бөлініп қалдық. Сау санамен сараласақ, негізі, денсаулыққа қатысты сараптамалар Денсаулық саласына қарауы керек.

### **– Сот психологиялық сараптама жүргізетін стационарда зерттелуші ем қабылдай ма әлде тек зерттеле ме, жалпы елімізде мұндай стационарлар жеткілікті ме?**

– Стационар Қазақстанда біреу-ақ Алматыда ғана бар. Сондықтан, бұлар қаржылық, т.б. жағынан алсақ, өте күрделі процесс болып табылады. Мысалы, адамды Атыраудан бір айға Алматыға жіберу керек. Бұл жерде зерттелуші (пациент) ем қабылдамайды. Денсаулығында қандай да бір ақау болуы мүмкін деген күдікті тек бақылауда болады. Оны медбикелер бақылайды, өмірлеріне қауіп төнеді. Сот психологиялық сараптамаға бағытталған адамдар бұрынғыдай денсаулық мекемесінде емес тергеу изоляторында (СИ-18) болады.

Бізде зерттелушіге ем қабылдайтындай жағдай қарастырылмаған. Мәселен, Мәскеудегі В.П. Сербский атындағы Әлеуметтік және сот психиатриясы мемлекеттік ғылыми орталығында ем-шара да жасалады. Сондықтан, денсаулық саласында зерттелуші ем алатындай жағдай болғаны дұрыс. Сараптама бір жақты болып қалмас үшін елімізде тәуелсіз сарапшылардың палатасы құрылған.

### **– Бізде психолог-сарапшыларды дайындайтын оқу орындары бар ма?**

– Сот психологиялық сараптама бойынша оқыту бағдарламасы әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дің магистратурасында бар. Магистранттарға клиникалық психология пәні оқытылады. Бұдан кейін Қыздар педагогикалық және Медициналық университеттер клиникалық психология және педагогикалық психология бойынша бакалавриатта екі дипломды мамандар дайындап жатыр.

### **– Рақмет.**

**Түймегүл СМАҒҰЛҚЫЗЫ,  
журналист**



# НЕКОТОРЫЕ ВОПРОСЫ РЕГУЛИРОВАНИЯ ТРУДОВЫХ ОТНОШЕНИЙ

*Глубокому, содержательному научному исследованию сущности и характерных особенностей трудового договора и контракта в сфере регулирования трудовых отношений, рассматриваемых нами в качестве правовых институтов трудового права как понятийных аппаратов, содержащих юридические характеристики дефиниций трудового договора и контракта и, как оснований возникновения, изменения и прекращения трудовых отношений, полагаем, должно вначале предшествовать изучение факторов, влияющих на парадигму трудового права и его законодательства. И такая постановка вопроса концептуально важна, исходя из понимания, что парадигма это исходная концептуальная схема, модель постановки проблем и их решения, методов исследования, господствующих в системе понятий, которые выражают существенные черты действительности. [1]*



**Т.М. АБАЙДЕЛЬДИНОВ,**  
кандидат юридических наук, доцент  
кафедры гражданского права  
и гражданского процесса, трудового  
права, КазНУ имени аль-Фараби

В этой связи рассмотрим некоторые примеры, характеризующие влияние норм гражданского права на стабильность трудового законодательства, на его регулятивное содержание. Согласно п. 3 ст. 1 Гражданского кодекса (ГК – в дальнейшем) гражданское законодательство применяется к трудовым отношениям, отвечающим

признакам, указанным в пункте 1 настоящей статьи, в случаях, когда эти отношения не регулируются соответственно трудовым законодательством. [2] В свою очередь, п.п. 1,2 статьи 3 ГК РК устанавливают общественные отношения и участников регулируемых гражданским законодательством отношений.

Из смысла вышеизложенного вытекает, что гражданское законодательство априори наделяется возможностью оказывать регулятивное воздействие на трудовые отношения. Обратимся к содержанию ст. 921 ГК РК, в соответствии с которой юридическое лицо либо гражданин возмещает вред, причиненный его работником при исполнении трудовых (служебных, должностных) обязанностей. В этом случае работниками признаются граждане, выполняющие работу на основании трудового договора, а также на основании гражданско-правового договора, если при этом они действовали или должны были действовать по заданию и под контролем соответствующего юридического лица или гражданина, ответственно за безопасное ведение работ [2]. Например, объявление полностью дееспособным несовершеннолетнего, достигшего 16-ти лет, ст. 22-1 ГК РК связывает с условием, что это лицо работает по трудовому договору или с согласия его законных представителей занимается предпринимательской деятельностью.

С другой стороны, на базе гражданско-правового договора могут строиться возникновение и существование трудовых отношений. Так, на основании п.п. 48-1, 48-2, 52-1, 52-2 и других статей Трудового кодекса Республики Казахстан (ТК - в дальнейшем) установлены правила привлечения работников для осуществления трудовой деятельности на основе трудового договора, заключенного с направляющей стороной в соответствии с договором на оказание услуг по предоставлению персонала. Направляющая сторона – это юридическое лицо, зарегистрированное в порядке, установленном законодательством Республики Казахстан, осуществляющее деятельность по

оказанию услуг по предоставлению персонала, в том числе филиал иностранного юридического лица, устанавливает п/п 48-1 п.1 ст. 1 ТК РК [3]. Вместе с тем п/п 69-1 ст. 1 ТК РК определяет договор на оказание услуг по предоставлению персонала, согласно которому одна сторона (направляющая сторона) направляет своего работника для выполнения работы в интересах, под управлением и контролем другой стороны (принимающая сторона) [2]. Условия и порядок выполнения работы работниками направляющей стороны определяются договором на оказание услуг по предоставлению персонала, который заключается между направляющей и принимающей сторонами согласно гражданскому законодательству, - устанавливает п.6 ст.137-1 ТК РК [3].

Из вышеизложенного следует вывод о том, что гражданское законодательство вполне легитимно оказывает свое влияние на предмет трудового права, посредством использования правового пространства, понятийного аппарата и другого юридического инструментария этой отрасли права. В частности, путем установления норм: а) о гражданско-правовой ответственности юридического лица или гражданина за вред, причиненный его работником; б) об объявлении несовершеннолетнего, достигшего 16-летнего возраста и работающему по трудовому договору, полностью дееспособным (эмансипация) согласно условиям, предусмотренным ст. 22-1 ТК РК; в) об установлении договора на оказание услуг по предоставлению персонала, который выступает в качестве юридического факта, создающего условия для возникновения трудовых отношений на основе заключения трудового договора между работником и работодателем. Следовательно, прекращение гражданско-правового договора между направляющей и принимающей сторонами ведут к негативным последствиям существования трудовых договоров, заключенных сторонами трудового соглашения.

Несмотря на то, что в Республике Казахстан намечен массовый характер процедуры цифровизации трудовых и коллективных

договоров, всемерное использование электронных трудовых договоров и Единой системы учета трудовых договоров, а также фиксация персональных данных по предприятию, мы можем констатировать, что эти меры носят технологический характер, не задевая перестройки содержания трудового законодательства. На постсоветском пространстве Трудовой кодекс Республики Казахстан, состоящий из 204 статей, занимает последнее место и по своему качественному уровню. Такое состояние трудового законодательства Казахстана подтверждается не только распространением договоров гражданско-правового характера (договор ГПХ) на регулирование трудовых отношений, но и ослабленным вниманием государства на проблемы развития трудового права и его законодательства.

В качестве довода, озвученного нами нынешнего состояния трудового законодательства, обратимся к «Концепции правовой политики Республики Казахстан 2030 года» (Концепция – в дальнейшем), утвержденной Указом Президента Республики Казахстан от 5 октября 2021 года №674. [4]

Данная Концепция, являющаяся основой для разработки соответствующих документов системы государственного планирования в области правовой политики государства, перспективных и ежегодных планов законопроектных работ Правительства Республики Казахстан, проектов нормативных правовых актов Республики Казахстан, установила перечень правовых актов, в которые предполагается внесение изменений и дополнений, в число которых входит Трудовой кодекс Республики Казахстан.

В анализе текущей ситуации Концепция незамысловато констатировала, что «Новые технологии, а также сложившаяся ситуация в мире оказали свое влияние и на трудовые отношения. Практика показала имеющиеся расхождения в области реальных процессов и их регулирования в сфере труда, которые подлежат реформированию с внедрением новых гибких инструментов». [4]

Отчетливо видно, что анализ текущей ситуации в сфере правового регулирования

трудовых отношений, изложенный в Концепции, выразился в двух предложениях, что представляет определенную сложность в осмыслении их содержания, глубины мысли, заложенной в их письменном выражении. Одним словом, данная Концепция страдает отсутствием задач, целей реформирования трудового законодательства, его видения в эпоху глобализации экономико-социальных отношений в мире, неизбежно связанных с перспективой развития Казахстана, перехода его из среднего состояния экономического положения на более высокую ступень роста и достижений.

Кстати, следует заметить, что отмеченные нами несовершенства трудового законодательства напрямую связаны с подготовкой юристов в высших учебных заведениях страны, где по неизвестным причинам отсутствует общеобязательная программа (ОП) по подготовке бакалавров, изучающих учебную дисциплину «Трудовое право».

С нашей точки зрения, вышеизложенные размышления, носящие теоретический характер, позволят подойти к изучению правовых институтов трудового права как «трудовой договор», «контракт» с позиции их законодательного присутствия в системе правового регулирования общественных отношений, в частности, трудовых отношений. Подпункт 36 п.1 ст. 1 ТК РК устанавливает трудовой договор как письменное соглашение между работником и работодателем, в соответствии с которым работник обязуется лично выполнять определенную работу (трудовую функцию), соблюдать трудовой распорядок, а работодатель обязуется предоставить работнику работу по обусловленной трудовой функции, обеспечить условия труда, предусмотренные настоящим Кодексом, законами Республики Казахстан и иными нормативными правовыми актами Республики Казахстан, коллективным договором, актами работодателя, своевременно и в полном размере выплачивать работнику заработную плату.

Рассмотрим вкратце с позиций правового и экономического значения в сфере регулирования трудовых отношений определение

трудового договора, установленное п/п. 36 п.1 ст. 1 ТК РК.

Безусловно, отметим, что трудовой договор коренным образом отличается от гражданско-правового договора, определяемого ст. 378 ГК РК и другими нормами гражданского кодекса [2], хотя оба названных законодательных акта выступают в качестве юридических инструментов, регулирующих деятельность физических и юридических лиц в социально-экономических отношениях республики.

В отличие от гражданско-правового договора, устанавливающего, изменяющего или прекращающего гражданские права и обязанности, трудовой договор как юридический факт, порождая трудовые отношения, устанавливает правовую связь между работником и работодателем и, следовательно, трудовые права и обязанности сторон трудового договора как часть элементов содержания трудового соглашения, закрепленных в ст.ст. 22, 23, 28 ТК РК. Трудовые отношения возникают по поводу применения живого труда, а гражданско-правовые отношения, напротив, возникают по поводу применения овеществленного труда. Объектом трудового договора как юридического факта, является рабочая сила, представляющая собой совокупность физических и духовных способностей работника и признаваемая особого рода товаром, который подвергается купле-продаже. Однако поскольку данный специфический товар не отделим от человека, конкретного работника, то он не может быть отторгнут от его носителя и не переходит в собственность покупателя, т.е. работодателя, а передается ему во временное пользование на условиях трудового законодательства. А это означает, что с правовой позиции трудовой договор является договором о найме труда, о найме работника, осуществляющего труд. Социально-экономическая сущность трудового договора выражена куплей-продажей рабочей силы. Из изложенного вытекает вывод о том, что работник выступает в качестве продавца рабочей силы, а работодатель является покупателем этой рабочей

силы. В этом случае трудовое законодательство должно строиться с учетом признания сторон трудового договора в предложенном нами варианте их социально-правового статуса, а осуществление ими прав и обязанностей на рынке труда должны соответствовать положениям продавца и покупателя рабочей силы, согласно созданных необходимых правовых условий, направленных на достижение баланса интересов сторон трудовых отношений, социальной стабильности, общественного согласия.

Экономическое и правовое значение трудового договора, по мнению ученых России, выражается в следующих его характеристиках. Во-первых, трудовой договор является основной формой привлечения, распределения, перераспределения, закрепления и рационального использования трудовых ресурсов страны. Во-вторых, он является одной из правовых форм осуществления всеми работниками принципа свободы труда. В-третьих, трудовой договор является основанием возникновения трудового правоотношения работника, порождая это правоотношение и его действие во времени. По трудовому договору работник становится членом определенного коллектива работников. В-четвертых, трудовой договор является необходимой предпосылкой возникновения для его сторон трудовых прав и обязанностей, предусмотренных другими институтами, источником взаимных прав и обязанностей его сторон, а также необходимой предпосылкой для возникновения у данного работника других правоотношений, тесно связанных с трудовым (по материальной ответственности, повышению квалификации, рассмотрению трудовых споров и др.). В-пятых, трудовой договор является правовой формой связи работника с членами данного трудового коллектива в качестве вступающего в эту кооперацию. В-шестых, трудовые договора отражают и индивидуально-договорной метод в определенной части регулирования трудовых отношений работников, определяя такие условия, как места работы, трудовую функцию, срок работы и другие условия,

устанавливаемые по соглашению сторон, в том числе и дополнительные трудовые льготы. В-седьмых, трудовой договор – договор личного характера, и поэтому он охраняет личность работника от незаконных условий труда, его честь и достоинство [5].

В целом институт трудового договора достаточно хорошо исследован в научно-исследовательской деятельности ученых-трудовиков [6]. Нам, как думаем, нужно обратить внимание на некоторые недостатки дефиниции трудового договора, носящие филологический и юридический характер. Например, в п/п 36 п.1 ст. 1 ТК РК записано, что работник обязуется лично выполнять определенную работу (трудовую функцию), а работодатель обязуется предоставить работнику работу по обусловленной трудовой функции. Считаем, что запись работа (трудовая функция) отождествляет понятия «работа» и «трудовая функция», хотя они несут разные смысловые нагрузки.

Понятие работа – это занятие, труд – деятельность человека, направленная на создание ценностей либо на удовлетворение потребностей индивида и других людей [7], что соответствует дефиниции «труд», установленной в п/п 14 п. 1 ст. 1 ТК РК. Трудовая функция представляет собой набор взаимосвязанных действий, направленных на решение одной или нескольких задач процесса труда [8]. Исходя из вышеизложенных суждений, нами неприемлема смысловая нагрузка, изложенная в п. 1 ст. 27 ТК РК, которая содержится в следующем тексте этой нормы: 1) выполнение работником работы (трудовой функции) по определенной квалификации, специальности, профессии или должности.

Мы придерживаемся иного текстового понятия «работы» и «трудовой функции», содержащихся в п/п 2 п. 1 ст. 28 ТК РК: 2) работу по определенной специальности, профессии, квалификации или должности (трудовую функцию). Отметим, что на четкость, ясность, правильность понятийного аппарата обращала внимание С.Ю. Головина [9].

Считаем, что проведение правового мо-

нитинга при подготовке нового Трудового кодекса Республики Казахстан, позволит избавиться от недостатков юридического, смыслового, стилистического и иного рода характера.

Необходимо указать на юридическую несостоятельность текста п. 2 ст.21 ТК РК в части, где записано, что, «...заключению трудового договора могут предшествовать следующие процедуры...».

С точки зрения законодателя заключению трудового договора могут предшествовать процедуры: 1. избрание (выборы) на должность; 2) избрание по конкурсу на замещение соответствующей должности; 3) назначение на должность или утверждение в должности; 4) направление на работу уполномоченными законами Республики Казахстан органами в счет установленной квоты; 5) вынесение судебного решения о заключении трудового договора.

В действительности вышеназванные процедуры представляют собой действия физических и юридических лиц на достижение определенных результатов, порядок осуществления действий. Но с точки зрения трудового права, каждая из указанных процедур является юридическим фактом, а в совокупности с трудовым договором каждая указанная процедура (юридический факт) представляет сложный юридический состав. В правовой науке имеет распространение точка зрения, согласно которой под элементом юридического состава следует понимать отдельный юридический факт (событие или действие).

Под элементом юридического факта лишь явления, составляющие событие или действие. [10] Следовательно, с точки зрения трудового права все вышеперечисленные процедуры представляют собой действия, которые являются юридическими фактами. По утверждению ученых, все сложные составы включают в себя только действия [11].

Без участия трудового договора в сложном юридическом составе не могут возникнуть трудовые отношения, хотя даже были проведены, допустим, конкурс или выборы.

Процедуры, предшествующие заключению трудового договора, могут быть установлены законами, иными нормативными правовыми актами или уставом (положением) организации (ст. 275 ТК РФ), - пишет А.З. Долгова [11]. Но учредительные документы организации не относятся к трудовому законодательству, а лишь могут содержать нормы трудового права, заключает А.З. Долгова [11].

Более сложный вопрос в трудовом праве Казахстана представляет собой раскрытие понятия, сущности и характеристики контрактов, его место в системе трудового законодательства. Можно отметить, что по теме, посвященной контракту, в Республике Казахстан были написаны диссертации на соискание ученых степеней А.Н. Мухитдиновым [12] и Ю.А. Тарановой [13].

Рассмотрение данной темы предлагаем начать с упоминания контракта в той письменной форме, которая отражена в ст. 143 ТК РК, с ее названием: Регулирование труда государственных служащих, контрактных служащих в государственных органах, депутатов Парламента и маслихатов, судей Республики Казахстан.

Данная статья пополнилась такой категорией работников, как «контрактные служащие» в связи с внесением статьи 64-1 «Контрактные служащие» в Закон Республики Казахстан «О государственной службе» от 23 ноября 2015 г., устанавливающей правовой статус, права и обязанности, индивидуальные условия и график труда контрактного служащего [14]. В свою очередь, постановлением Правительства Республики Казахстан от 16 июня 2023 г. были утверждены «Правила привлечения контрактных служащих, виды проектов, по которым привлекаются контрактные служащие, вопросы условий оплаты труда и иные вопросы регулирования их деятельности» (далее – Правила) [15].

В соответствии с п/п 3 п. 2 Правил контрактные служащие государственного органа (далее - контрактный служащий) - гражданин Республики Казахстан, привлеченный в государственный орган по контракту с

особенностями, предусмотренными Законом, для реализации национальных и иных проектов согласно Правилам осуществления проектного управления (далее – проект) [15].

Из рассматриваемых нами нормативных правовых актов следует, что контрактные служащие не могут занимать государственную должность, следовательно, они не являются государственными служащими. К тому для них установлены весьма куцые права, сведенные: 1) в требование от руководителя точного определения задач и объема функциональных обязанностей согласно контракту; 2) в получении информации и материалов, необходимых для исполнения своих функциональных обязанностей; 3) в своевременном и полном объеме оплаты труда в соответствии с условиями контракта.

С нашей точки зрения, при тщательном исследовании правового статуса контрактных служащих, их функциональных обязанностей и соответствующих прав, не следовало бы контрактных служащих выделять в особую категорию работников (служащих). В Законе РК «О государственной службе» [16], так как они могут с полным правом быть отнесены к гражданским служащим, осуществляющим трудовую деятельность на основе контракта. Так, например, государственные служащие, охваченные правовым регулированием Закона РК «О государственной службе», при приеме на работу заключают трудовой договор, а другая часть государственных служащих, как, например, сотрудники правоохранительных органов прием на службу осуществляют путем заключения контракта, включая и лиц, поступивших на очную форму обучения в организации образования правоохранительных органов [17]. Поместив категорию «контрактные служащие государственного органа» в число гражданских служащих, мы освободим ЗРК «О государственной службе», ст. 143 ТК РК от несвойственной им регулятивной деятельности в отношении контрактных служащих государственного органа, который по своим функциональным

правам и обязанностям, задачам и целям далеки от правового статуса государственного служащего, заключившего трудовой договор или контракт. Интересное понимание контракта, контрактного служащего (далее - контракт) в п/п 1 п.2 Правил, которое утверждается как «трудовой договор между государственным органом и гражданином Республики Казахстан, устанавливающий его права и функциональные обязанности, условия труда, а также условия оплаты труда, взаимоувязанные с результатами труда (количественные и (или) качественные показатели), ответственность за недостижение результатов труда и другие индивидуальные условия [15].

Отметим, что п/п 1 п.2 Правил отождествляет контракт с трудовым договором, нивелирует их сущностные характеристики, дифференцирующие правовые свойства трудового договора и контракта служащего государственного органа, что является недопустимым противоречащим смыслу законодательного волеизъявления, отраженного в ст. 64-1 ЗРК «О государственной службе».

Отметим, что в п.2 Правил допущены и смысловые неточности, как, например, «условия оплаты труда, взаимоувязанные с результатами труда (количественные и (или)

качественные показатели), ответственность за недостижение результатов труда и другие индивидуальные условия», если сравнить со смысловым значением п.10 Правил, где записано: «условия оплаты труда контрактного служащего устанавливаются в контракте по соглашению сторон в зависимости от квалификации контрактного служащего, сложности, количества и качества выполняемой работы, а также иных условий труда в соответствии с трудовым законодательством Республики Казахстан. К тому же в ст. 64-1 ЗРК «О государственной службе» наблюдается отождествление понятий «... объема функциональных обязанностей согласно контракту» и «...в полном объеме получать оплату труда в соответствии с условиями контракта».

Тезисное изложение нашего понимания дефиниций «контракта контрактного служащего и трудового договора, имеющих место в действующем трудовом законодательстве, подтверждают нашу мысль о необходимости реформирования, построения нового законодательства вкупе с проведением правового мониторинга всей совокупности нормативных правовых актов Республики независимо от их отраслевой принадлежности.

#### СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННЫХ ИСТОЧНИКОВ:

1. Советский энциклопедический словарь. – М., 1981. – С. 977.
2. Гражданский кодекс Республики Казахстан: Практическое пособие. – Алматы: ТОО «Издательство «Норма-К». – 2023
3. Трудовой кодекс Республики Казахстан: Практическое пособие. - Алматы: ТОО «Издательство «Норма-К». – 2024. – 136 с.
4. Об утверждении Концепции правовой политики Республики Казахстан до 2030 года. Указ Президента Республики Казахстан от 15 октября 2021 года № 674.
5. Павлова Н. Трудовые контракты. – М.: «Издательство ПРИОР». – 2000. - 64 с. 6. Абжанов К. Трудовой договор по советскому праву. – М.: Издательство «Юридическая литература», 1964. Сравнительно-правовая характеристика трудового договора в странах ЕАЭС: учебное пособие / Под ред. Т.М.Абайдельдинова. – Алматы: Қазақ университеті. – 2021. И др.7. <https://ru.wikipedia.org/wiki/zan.kz>. <https://adilet.zan.kz>
8. Головина С.Ю. Понятийный аппарат трудового права. – Екатеринбург, 1997. 10. Красавчиков О.А. Юридические факты в советском гражданском праве. М.: Госюриздат, 1958. – С. 57.
11. Долгова А.З. Юридические факты в трудовом праве: монография. – Москва: Проспект, 2009. – 280 с.; Бондаренко Э.Н. Юридические факты в трудовом правоотношении: монография. – Барнаул: Издательство Алт.университета, 2005. – 224 с.
12. Мухитдинов А.Н. Контрактная форма регулирования трудовых отношений: Автореф. Дис... к.ю.н. Алматы, 1994.
13. Таранова Ю.А. Трудовой контракт – как форма регулирования трудовых отношений: Автореф.дис... к.ю.н. – Алматы, 2003.
14. [https://kodeksy-kz.com/ra/o\\_gosudarstvennoj\\_sluzhbe/64-1.htm](https://kodeksy-kz.com/ra/o_gosudarstvennoj_sluzhbe/64-1.htm) 15. <https://adilet/zan/rus/docs/P2300000482>
16. Государственная служба в Республике Казахстан. – Алматы: Юрист. –2024. 17. О правоохранительной службе. Закон Республики Казахстан. Алматы: Издательства «Норма-К, 2024. – 112 с.

# ҚАРЖЫЛЫҚ САУАТТЫЛЫҚТЫ АРТТЫРУ – БАСТЫ НАЗАРДА

*Елімізде бір емес бірнеше несие алып, оны төлей алмай, қарызға белмесінен батқан жандар аз емес. Ел азаматтарының шамадан тыс несие алу мәселесіне Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың өзі де бірнеше рет назар аударғанын білеміз. Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша қиын жағдайға тап болған отбасылардың несиесі кешіріліп, жеке тұлғалардың банкроттығы туралы заң қабылданды, халықтың несиеге тәуелділігін төмендету бойынша жаңа заңнамалық тұзетулер әзірленуде.*

Осыдан-ақ елімізде қаржылық сауаттылық мәселесі өзекті екені айқын көрініп тұр. Бірақ, тәжірибе көрсеткендей, бұл күрделі әлеуметтік мәселені шешу үшін адамдардың қаржылық сауатын арттырып, қоғамда жаңа қаржылық мәдениет қалыптастыру қажет.

Соңғы жылдары қарызға батқан қазақстандықтардың санын азайтып, қаржылық мәселелерін шешу үшін бірқатар реформа жасалып, тіпті, заң да қабылданды. Арнайы қабылданған «Банкроттық туралы» заңның аясында қарызы нормадан асып кеткендерге өзін «банкрот» деп жариялауға мүмкіндік берілді.

## **«ҚАРЫЗСЫЗ ҚОҒАМ» ЖОБАСЫ**

Елімізде «АМАНАТ» партиясы мен Nalyk Bank-тің бірлескен бастамасы бойынша халықтың қаржылық сауаттылығын

арттыруға бағытталған «Қарызсыз қоғам» жобасының қолға алынғанын айта кеткен жөн. Партия төрағасы Ерлан Қошановтың айтуынша, аталған жоба аясында республиканың барлық өңірінде 200 мың адам қаржылық сауатын арттыру бойынша оқу курсына қатысып, қаражатқа жауапкершілікпен қарап, табысты арттырудың әдіс-тәсілін үйренді. Олардың басым көпшілігі – несие бойынша берешегі бар және борышкерлер тізімінде тұрған ауыл тұрғындары, қарызы бар және оның мерзімін өткізіп алған азаматтар, мемлекеттен жеңілдікпен несие алуға үміткер кәсіпкерлер. Халықтың қарыз жүктемесін азайтуға бағытталған оқу курсынан өткендердің 81 пайызын ауыл тұрғындары құраса, 75 пайызы – әйелдер, соның ішінде көпбалалы аналардың үлесі басым.

Курс аясында қаржылық сауаттылығы төмен тыңдаушылар жеке және отбасылық қаражатты қалай дұрыс басқару керек,



шығындарды оңтайландыру, ысырапқа жол бермеуді үйренді. Сонымен қатар банк несиелерінің қалай қалыптасып жатқаны, оның ішінде шағын несиелердің пайыздары қалай қалыптасады, екінші деңгейлі банктердің несиелері, жалпы несиелердің қандай түрлері бар, оның төлемдерінің түрлері сияқты өзекті мәселелер де көтерілді. Бұдан басқа кірістерді көбейту жолдары, өз кәсібін ашқысы келетін азаматтарға мемлекеттен қандай қолдау берілетіні, бизнес ашуға берілетін гранттардың түрлері таныстырылып, өз қаражаттарын жинақтау, сақтау, ұлғайту бойынша пассивті кіріс пен депозит түрлері, құнды қағаздар нарығы, акциялар, облигациялар, жылжымайтын мүлік, валюта және басқа қандай салада өз қаражатын салып сақтап, ұлғайтуға болатыны туралы толық ақпарат берілді.

Жоба қатысушылары сарапшылардың дәрістерінен бөлек, [enbek.kz](http://enbek.kz) порталында тіркелу мен жеке кәсіпкерді ашудан бастап, соттан тыс банкроттықты сүйемелдеу және берешекті өтеу кестесін құру бойынша кеңестер алды.

Қаржылық мәселенің маңызды болғаны соншалық, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» жолдауында жобаның ауқымын кеңейтуді тапсырды. Сөйтіп, бұл жобаға барлық облыстар мен республикалық маңызы бар Астана, Алматы және Шымкент қалалары, 11 мемлекеттік орган, 12 банк, Қазақстан қаржыгерлер қауымдастығы мен Қазақстанның микроқаржы ұйымдарының қауымдастығы қосылды.

## **АҚШАНЫ ТИІМДІ ЖҰМСАУДЫ БАЛА КЕЗДЕН ҮЙРЕТУ ҚАЖЕТ**

«Қарызсыз қоғам» жобасы үнемі жетілдірілу үстінде. Сала мамандары ақшаны дұрыс жұмсау мәдениетін бала кезден қалыптастыру керек деп есептейді. Бұл орайда қазақстандық қаржыгерлер оқушылар арасында қаржылық сауатты қалыптастыруда Финляндия мен Эстония елдерінің

тәжірибесін басшылыққа алған дұрыс деп есептейді.

«Қарызсыз қоғам» жобасының жетекшісі Ақмарал Бекмұрзаева әлемдік озық тәжірибелерді ескере отырып, қаржылық сауаттылық бойынша әдістеме мен оқу-практикалық материалдарды әзірлеудің маңыздылығына тоқталды. Оның айтуынша, арнайы құрылған әдіснамалық топ осы елдерге барып, олардың мектептерін, колледждері мен жоғары оқу орындарын зерттеген. Финляндия мен Эстонияда қаржылық сауат балаларға оқытылатын барлық пәндерге интеграцияланған. Финдер бір кездері ЖОО-дағы қаржылық сауат пәнін алып тастағанын, соның салдарынан халықтың несиеленуі артып кеткенін айтты. Яғни, олар қаржылық сауаттылық мемлекеттік саясаттың бір бөлігі болуы керек және ол балабақшадан басталуы керек деген қорытындыға келген.

«Иә, оларда көптеген озық тәжірибелер бар. Мысалы, қаржылық сауатты оқыту балабақшадан басталады, онда балалар дүкенге бару, ақшаны жұмсау, қайтарым ақша, чек, тұтынушы құқығы секілді практикалық мысалдар негізінде үйренеді. Бастауыш сыныптарда балаларға әлеуметтік жауапкершілік туралы айтылады, егер кездейсоқ аялдамаға, мемлекеттік мүлікке залал келтірсе не болатыны, ол үшін ата-анасы қанша айыппұл төлейтіні түсіндіріледі. Бұл біздің қоғам үшін өзекті мәселе – вандализмнің салдарын түсінуге көмектеседі.

Жоғары сыныптарда бизнес арқылы қаржылық сауат оқытылады. 9-12 сынып оқушылары өз бизнесін ашады, өнімдер жасайды, маркетингтік стратегияларды әзірлейді және капиталға үлес қосатын және дивидендтер алатын инвесторларды тартады. Онда тегін гранттар жоқ және балалар бизнестің жауапкершілігін түсінеді. Бұл жүйе оларға мұның оңай келген ақша емес, қайтарылатын инвестиция екенін түсінуге көмектеседі.

Біз эстондық Junior Achievement компаниясымен ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойдық. Бұл жоба 100 жылдан астам уақыт бойы бүкіл әлемде, соның



ішінде Әзірбайжан мен Грузияда жұмыс істеп тұр. Бұл елдерде жасөспірімдер кәсіпкерлікті дамыту арқылы қаржылық сауатты үйренеді. Осылайша балалар кім болғысы келетінін (кәсіпкер немесе жалдамалы қызметкер) түсінеді. Өзінің бизнеске арналмағанын түсінген балалар стандартты білім мен кеңсе жұмысына барады. Басқалары, керісінше, таланттарын аша түседі және жетістікке жетеді.

Финляндия мен Эстонияның тәжірибесін ескере отырып, бізге өз әдістемемізді жасау керек. Біздегі менталитет, заңнама мен мәдениет басқа болғандықтан, дайын әдісті сол күйінде қабылдай алмаймыз. Біздің мектептерде экономистер мен қаржыгерлер жетіспейді, сондықтан 7,5 мыңға жуық мұғалімді осы білімді балаларға бере алатындай етіп қайта оқытып шығардық», – дейді жоба жетекшісі.

Бүгінгі таңда қаржылық сауаттылықты арттыру бойынша арнайы «Жол картасы» әзірленіп, Оқу-ағарту министрлігімен және Жоғары білім және ғылым министрлігімен ынтымақтастық туралы меморандум бекітілді, мектеп, колледж және жоғары оқу орнына арналған оқу құралдары әзірленді. 2024 жылдан бастап балалар мен студенттерге қаржылық сауат пәнінен білім беру бойынша оқушылар үшін мектептерде «Жаһандық құзыреттілік» курсы, ал колледждер мен ЖОО-да «Кәсіпкерлік» курсы бағдарламаға

енгізіліп, оқытылуда. Сөйтіп, бұл қадам 100 мыңға жуық студент пен 450 мың жоғары сынып оқушыларының сауатын арттыруға мүмкіндік береді.

## ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАРДЫҢ ҚАРЫЗЫ ҚАНША?

Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің төрағасы Мәдина Әбілқасымованың айтуынша, соңғы үш жылда Қазақстанда тұтыну несиесін алғандар саны артып келеді. Қазіргі уақытта 8,4 млн халықтың мойнында 18 трлн теңге несие бар. Оның ішінде тұрғындар шағын микроқаржы ұйымдарынан 197 млрд теңге онлайн қарыз рәсімдеген.

Сарапшылардың бағалауынша, елдегі студенттердің 80%-ында несие бар. 2023 жылы әскерге шақырылған 18-20 жас аралығындағы сарбаздардың да банктерден алған 1,4 млрд теңге қарызы бар екен.

Көп адам қаржылық сауаттылық ақша санай білу деп ойлайды. Алайда жалақыны көтеріп, кірісін көбейтумен қаржылық мәселені оңтайлы шешу оңай емес. Сондықтан кіріс пен шығысты сауатты түрде реттеп отырған кезде ғана, қолға түскен қаржы берекелі болатынын естен шығармаған абзал.

**Айгүл АХМЕТОВА**

# МЕМЛЕКЕТТІК САТЫП АЛУДА ҚАНДАЙ ӨЗГЕРІС БАР?

*Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» 2024 жылғы 1 шілдедегі №106-VIJJ заңына Мемлекет басшысының қол қойғаны белгілі. Қоғам үшін маңызды бұл құжат 2025 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енді. Бұл заңның қоғам үшін орны ерекше. Өзгерістердің негізгі мәні сатып алу процесін оңтайландыруға, қадамдарды барынша жеңілдетуге бағытталған. Мемлекеттік сатып алуларға қатысты даулар экономикалық соттарда қаралатындықтан, заңдағы өзгерістерді көпшілікке таныстырып, негізгі артықшылықтарын жан-жақты хабардар ету өзекті.*

Жаңа заңға байланысты өте қызу пікірталастар орын алды. Осының өзі құжаттың ел үшін қаншалықты маңызды екенін аңғартса керек. Қолданысқа енгеніне бір айдан аса уақыт өткен «Мемлекеттік сатып алу туралы» заңда бұған дейінгі тәжірибеде өзін-өзі ақтаған оң жетістіктердің барлығы сақталған. Ал азаматтардың көңілінен шықпаған ұзақ мерзім, сапаға қатысты шағымдар мейлінше ескеріле отырып, сатып алу рәсімдерін толығымен жеңілдету, мерзімдерді барынша қысқарту, нәтижелерге шағымдану жүйесін қайта қарау, жаңа институттарды, соның ішінде қоғамдық мониторинг институты, келісім-шарттар және оффтейк-келісімшарттар институттарын іске қосуға маңыз берілген.

Жаңа заңның құрамында да айтарлықтай өзгеріс бар. Мәселен, заңның ескі редакциясында 52 бап болса, жаңа заң 29 баптан тұрады. Яғни, құжатта мемлекеттік сатып алу процесіне қатысты басы артық қағидалар алынып, тек негізгі аспектілер ғана жинақталған. Сонымен бірге, сатып алу процесін толық автоматтандыруға және барлық қатысушылар үшін ашықтықты қамтамасыз етуге басымдық берілгенін бағамдауға болады. Осындай жаңа тетіктің арқасында кез келген азаматтың сатып алудың барлық кезеңдерін қадағалауына мүмкіндік туды.

Заңның 23-бабында мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманың сақталуын бақылау реті



**Зауре ЖАРЫЛҚАСЫНОВА,**  
**Қызылорда облысы**  
**мамандандырылған ауданаралық**  
**әкімшілік сотының судьясы**

дәйектелген. Соған сай бақылауды уәкілетті орган «Мемлекеттік сатып алу туралы» заңына және «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» заңына сәйкес жүзеге асырады. Уәкілетті орган әлеуетті өнім беруші, конкурсқа не аукционға қатысушы тапсырыс берушінің, ұйымдастырушының әрекетіне,

шешіміне шағым жасап жазбаша жолданым бергенде, құқық қорғау органдарының қаулылары түскенде бақылауды жүзеге асырады. Ал осы бақылау іс-шарасы барысында бақылау объектісінің заң талаптарын бұзғаны анықталса, алдымен анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқама, хабарлама жібереді. Сонымен қатар, заңнама талабын бұза отырып жасалған, күшіне енген шарттарды жарамсыз деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінеді. Егер бақылау объектісінің құрамында қылмыстық құқық бұзушылық белгілері бар әрекет жасау фактісі анықталса, бес жұмыс күні ішінде аталған әрекеттің жасалғаны туралы ақпаратты және осындай фактіні растайтын құжаттарды құқық қорғау органдарына беруге міндетті. Тағы бір ескерерлігі – уәкілетті орган мен мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарының әрекетіне, сондай-ақ шешімдеріне де Қазақстан заңнамасында белгіленген тәртіппен шағым жасау мүмкіндігі қарастырылған.

Сонымен бірге жаңа заңда жеткізушілердің жауапкершілігін күшейтуге айрықша мән берілген. Өйткені сот тәжірибесінде жауапсыз жеткізушілерге қатысты даулардың жиі кездескені жасырын емес. Мемлекеттік сатып алу аясында өз міндетіне алған іс пен қызметті бастағанымен, соңына жеткізе бермейтін жеткізушілер баршылық. Алдыңғы заң шеңберінде оларға тек айыппұл түрінде жауаптылық белгіленетін. Бірақ мұндай тетік жеткізушілердің жауаптылығын көтеруге айтарлықтай әсер етпегені анық. Осы жағдайларды ескере отырып, жаңа заңда жеткізушілердің жауапкершілігін арттыруға ықпал ететін пәрменді тетіктер қарастырылған. Соның ішінде сыбайлас жемқорлықпен байланысты құқық бұзушылық жасаған әлеуетті өнім берушінің, басшының немесе құрылтайшының мемлекеттік сатып алуларға қатысуына тыйым салынды. Жалақы бойынша мерзімі өткен берешегі бар әлеуетті өнім берушілер де мемлекеттік сатып алуларға жіберілмейді.

Заңда отандық тауар өндірушілерді қолдауға да терең мән берілгенін айта кеткеніміз жөн. Бұл, әсіресе, ауыл, аймақ әкімдерінің тапсырысымен байланысты. Білігі мен мүмкіндігін ескермей жатып, республиканың бір өңірінен екінші өңіріндегі тапсырысқа өтінім беретіндер аз емес. Мемлекеттік сатып алу саласындағы жүйелілікті бұзатындар да солар. Жаңа заңда осы мәселелердің барлығы

таразы басына салына отырып оң шешімін тапқан. Осылайша бүгінде құны 100 айлық есептік көрсеткішке (АЕК) дейінгі тауарларды, 500 АЕК-ке дейінгі жұмыстар мен қызметтерді бір көзден сатып алу құқығы қарастырылып отыр. Ауыл әкімдіктері үшін мұндай тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу шегі 3000-нан 4000 АЕК-ке дейін ұлғайтылды. Сондай-ақ төтенше жағдайлардың алдын алуға қажетті тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді бір көзден сатып алу мүмкіндігі бекітілген.

Тағы бір жаңашылдық – мемлекеттік сатып алуды өтпеді деп танудың негіздері қайта қаралды. Бұл өзгеріс рәсімдерді оңайлату және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін болдырмау үшін қолға алынғаны белгілі. Айталық, бұрын тек бір әлеуетті өнім беруші қатысқан жағдайда сатып алу конкурсы өтпеді деп танылатын. Ал қазіргі кезде егер өнім берушінің біліктілік талаптары сай болса, онымен шарт жасасу көзделген.

Мемлекеттік сатып алу туралы заңда тапсырыс берушінің, ұйымдастырушының, сараптама комиссиясының әрекетіне, шешіміне шағым жасау тәртібі де толық көзделген. Яғни, жаңа заңның 25-бабында көрсетілгендей, жоғарыдағы тұлғалардың әрекеті мен шешімі әлеуетті өнім берушінің құқығы мен заңды мүддесін бұзған жағдайда шағым жасауға мүмкіндігі бар. Ол үшін әлеуетті өнім беруші мемлекеттік сатып алудың қорытындысы туралы хаттама орналастырылған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде веб-портал арқылы шағым бере алады. Мұндай шағым берілген жағдайда, шарт жасасу мерзімі шағымды қарау мерзімі аяқталғанға дейін тоқтатыла тұрады. Тапсырыс беруші, ұйымдастырушы, бірыңғай ұйымдастырушы үш жұмыс күні ішінде шағымды қанағаттандыру не қанағаттандырудан бас тарту туралы шешім қабылдайды. Әлеуетті өнім беруші осы шешіммен келіспеген жағдайда, Қазақстан заңнамасына сәйкес сотқа шағым жасауға құқылы. Мұндай дауларды сотқа дейінгі реттеу тәртібімен қарау міндетті екенін де ескергеніміз жөн.

Қоғамға осындай іргелі өзгерістер әкелген «Мемлекеттік сатып алу туралы» заңның тиімді тетіктері баршылық. Бұл – құжат сатып алу жүйесін жеңілдету мен модернизациялаудағы маңызды қадам. Жаңа заңнан көпшіліктің күтері көп.

# ҚАРЖЫ СЕКТОРЫНДАҒЫ ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕР

*Қаржы секторын дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасы қаржылық тұрақтылықты нығайту мен бәсекеге қабілетті қаржы нарығын қалыптастыру мақсатын көздейді. Оған қол жеткізуде айқындалған бес қағидат қатарында экономикалық өсімді қамтамасыз ету, қаржылық технологияларды дамыту және инновациялық өнімдер мен қызметтерді енгізу, қаржылық тұрақтылықты қолдау, бәсекелестікті дамыту, қаржылық инклюзияны арттыру және тұтынушылар үшін қаржы өнімдері мен қызметтеріне қол жеткізудің тең жағдайларын ұсыну шаралары бар.*

Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сақтандыру нарығын және бағалы қағаздар нарығын реттеу мен дамыту, банк қызметі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы заңын отандық қаржы секторын дамытудағы маңызды белес деп бағалауға болады. Заң аясында қаржы нарығын реттеуде, тұтынушылар құқығын қорғауда және инфрақұрылымдық дамытуды қолға алуда жаңа тәсілдер қарастырылған. Жалпы, аталған заңда сақтандыру секторын кешенді дамыту, отандық қор нарығының жұмысын одан әрі жақсарту, банк қызметін жетілдіру блоктары айқындалған.

Ресми мәліметтер соңғы 5 жылда қаржы жүйесінің жиынтық активтері 74,5 пайызға өскенін көрсетіп отыр. Бұл жалпы ішкі өнімнің 54,5 пайызын құрайды. Қаржы жүйесінің 85 пайызы екінші деңгейлі банктер еншісінде, басқа секторлардың қаржы нарығындағы үлесі-15 пайыз. Жыл басын-

да банктердің таза пайдасы өткен жылғы қаңтармен салыстырғанда 15,5 пайызға артық болған. Сарапшылардың пайымынша, банк секторының жоғары деңгейде капиталдануына 2017 жылы басталып, кезең-кезеңімен жүзеге асырылған алдын ала реттеу шаралары ықпал еткен. Мысалы, Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі өткен жылы корпоративтік кәсіпкерлікті қолдау және ресурстық базаны кеңейту мақсатында тұрақты қорландыру коэффициентін 0,9 деңгейге дейін төмендетті. Осы арқылы банктердің өтімділік резервінің жоғарылауына жол ашты.

Аталған агенттіктің Ұлттық банкпен бірлесіп банктерді ұзақ мерзімді қорландыру тетігін әзірлегенін айтып өткен жөн. Соның негізінде банктер өңдеуші өнеркәсіп, электрмен жабдықтау және көлік салаларында 72 жобаны кредиттеуге 220 млрд теңге тартты. Шағын және орта бизнеске кредит беруге ерекше назар аударылып, 500

млн теңгеге дейінгі қарыздар бойынша кредиттерге оңайлатылған бағалау енгізілді. Осы мақсатта кепілсіз кредит беруді дамыту бойынша, корпоративтік кәсіпкерлікті кредиттеу процесін цифрландыру қамтамасыз етілді. 2023–2024 жылдары банктердің ақпараттық жүйелерін 52 мемлекеттік сервиспен интеграциялау іске асырылды. Қабылданған шаралар нәтижесінде бизнеске берілген кепілсіз кредиттер көлемі былтыр 35 пайызға ұлғайтылған.

Шағын және орта бизнес демекші, алдағы уақытта кәсіпкерлердің қаржы ресурстарына қолжетімділігін кеңейтетін кепілдік қоры іске қосылады. Қор банктердің жыл сайынғы жарналары есебінен қаржыландырылады әрі оған мемлекет те қатысады. Жаңа кепілдік қоры шағын және орта бизнестің 3,5 млрд теңгеге дейін кредит сомасының 85 пайызын өтейді деп болжануда. Қорды құруға қатысты қажетті заңнамалық түзетулер Үкіметке берілген. Ірі инвестициялық жобаларды несиелендіру мақсатында құрылған синдикатталған кредиттеу жөніндегі жобалық кеңсе бес жобаны қаржыландыруды бастаған.

Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің мәліметінше, банктердің басым бөлігі бүгінде инвестициялық жобалардың жаңа пулын қаржыландыруға, сондай-ақ энергетикалық және коммуналдық секторлардың инфрақұрылымын жаңғыртуға белсенді түрде қатысуға дайын. Сондай-ақ, «Бәйтерек» холдингінің 2025–2029 жылдарға арналған «Энергетика және коммуналдық секторды жаңғырту» ұлттық жобасының қаржы операторы ретінде бекітілуін экономиканы тұрақты дамытудағы маңызды қадам ретінде бағалауға болады. Холдинг тарапынан қолға алған бағдарламалар экономикалық өсуді ынталандыру мен кәсіпкерлікті дамытуға, сондай-ақ, стратегиялық маңызы бар сала-

ларға жеке капитал тартуға бағытталған.

Өткен жылы «Бәйтерек» холдингінің таза пайдасы 416 млрд, ал активтері 14,1 трлн теңгені құраған. Бұл көрсеткішті 2023 жылмен салыстырсақ, таза пайда 8 млрд теңгеге жеткен, яғни, 2 пайызға артып, активтер 4 пайызға өскен. Қаржы секторы халықаралық нарықтармен барған сайын интеграцияланып, жергілікті кәсіпкерлер үшін жаңа мүмкіндіктер ашуда. Қаржы секторындағы маңызды заңнамалық бастамалардың басты мақсаты кедергілерді жойып, заңнаманы ырықтандыру және бәсекелестікті арттыру. Сондықтан, қолайлы нормативтік-құқықтық орта құру мен ұлттық және қаржылық инфрақұрылымды дамытуға ерекше назар аударылуда. Қазақстанның қаржы секторын жан-жақты дамытуды көздейтін реформалар, оларды жүзеге асырудағы жаңа инвестициялық тетіктер мен қаржыландыру бағдарламалары негізгі көрсеткіштердің одан әрі өсуін қамтамасыз етуде.

**Т. СМАҒҰЛ**



# ЕҢБЕКШЕН ӨРІЛГЕН ӨМІР

*Қоғамымызда ғұмыры ғи-  
братқа толы,  
есімі үлкен  
әріптермен  
жазылуға лай-  
ық аға-апала-  
рымыз аз емес.  
Солардың бірі  
әрі бірегейі ұс-  
таз-ғалым, сот  
сараптамасы  
саласының біл-  
гірі Роза Жа-  
палова бүгінде  
сексеннің сең-  
гіріне шықты.*



Кеудесі қазына, көр-  
гені көп, түйгені мол  
ұстаз Атырау қаласы-  
ның тумасы. Алматы-  
дағы №16 мектепті күміс белгімен аяқтады.  
Қазіргі Абай атындағы Қазақ Ұлттық универ-  
ситеттің физика-математика факультетінің  
түлегі Роза Баишқызы Қазақстанның білім  
беру, ғылым салаларына 40 жылдан астам  
уақыттан бері үлес қосып келеді. Тәжірибелі  
ұстаздың мыңдаған жастың кәсіби маман  
болып қалыптасуына сіңірген еңбегі ерен.  
Оның білім-ғылым сапасын арттырудағы ты-  
нымсыз еңбегі бір кітапқа жүк болары анық.

Талабы бөлек, талпынысы жоғары

Р.Баишқызы алғашқы еңбек жолын Қазақ  
сот сараптамасы ғылыми-зерттеу институ-  
тының физикалық зерттеу әдістері зерт-  
ханасынан бастады. Жұмыс барысында ол  
эмиссиялық спектрлік талдауды, рентгендік  
фазалық талдауды, сондай-ақ, трансмиссия-  
лық электронды микроскопияны пайдалана  
отырып, құжаттардың, оқ-дәрілердің және  
басқа объектілердің бөлшектерін зерттеу-  
дің криминалистикалық әдістерін меңгерді.  
Мұндай өте күрделі саланы меңгеру асқан

білімділікті талап етеді. Бұл ретте Роза Баишқызының бір жұмыспен ғана шектеліп қоймағанына еңбек жолы дәлел.

Білікті маман ғылыми-зерттеу институтында алты жылға жуық тәжірибе жинап, Бүкілодақтық сот сараптамасы ғылыми-зерттеу институтының аспирантурасына түсті. Осылайша ол тәжірибесін ғылыммен ұштастырды. Криминалистика және сот сараптамасы саласындағы көрнекті ғалым, заң ғылымдарының докторы Виталий Степанович Митричевтің жетекшілігімен сараптамалық практикада сканерлеу мен электронды микроскопияны қолданудың ғылыми-әдістемелік негіздерін дайындады.

Аспирантураны бітірген соң қылмыстық іс жүргізу, криминология, жедел-іздістіру қызметінің теориясы мамандығы бойынша «Электрондық микроскопия көмегімен заттай дәлелдемелерді сот-сараптамалық зерттеу» тақырыбындағы кандидаттық диссертациясын сәтті қорғады. Мұнымен тоқтап қалған жоқ, «Сот-медициналық сараптамадағы электронды микроскопия әдістері» атты монографиясын жазды.

Жұмысын сүйетін адамдардың барлығына үлгеретінін және мұндай қасиеттің міндетті түрде жетістікке жеткізетінін Роза

## Аедіз

**Сұлушаш ҮРКУМБАЙ,  
эл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың  
қылмыстық құқық, қылмыстық іс  
жүргізу және криминология  
кафедрасының аға оқытушысы:**

### ЕКІНШІ АНАМДАЙ КӨРЕМІН

Роза Баишқызымен танысқаным 20 жылдан асты. Мықты тәлімгер, менің магистрлік диссертацияма рецензия жазды. Сот сараптамасы саласына келіп, тәжірибе жинауыма осы кісінің тікелей әсері болды. Ұлағатты ұстаз ғана емес, сонымен қатар бұл кісіні екінші анамдай көремін. Бізге бағыт-бағдар беруден ешқашан да жалыққан емес. Сараптама саласында білім-білігім мен тәжірибемді жетілдіруіме көп көмегі тиді.

Роза Баишқызы қазақстандық экспертисаға, криминалистикаға байланысты өте үлкен жұмыстар атқарды. Қандай құрмет көрсетсек те жарасады. Өмірі еңбекпен өрілген ұстазыма мықты денсаулық тілеймін.

## Аедіз

**Нұрайша ТЕМІРБОЛАТ, з.ғ.к. аға оқытушы:**

### БІЗГЕ БАИШҚЫЗЫНЫҢ ӘР СӨЗІ ӨНЕГЕ

*Роза Баишқызы әріптесім ғана емес, мақтан тұтар ұстазым. Студент кезімде криминалистикадан сабақ берді, жұмыста тәлімгерім болды. Зиялы, көп оқыған, тәжірибелі ұстаз сабақты теория мен практиканы ұштастыра отырып түсіндіреді. Білім-білігі ұшан-теңіз. Аспирантураны бітірген соң Роза Баишқызы қызмет атқаратын криминалистика кафедрасына келдім. Криминалистика пәнінен зертханалық сабақтарды берді. Осы кезде жас маманға деген қамқорлықты Роза Баишқызынан көрдім.*

*Барлық уақытта көмектесуге дайын тұрады. Бұл кісінің дауыс көтеріп сөйлегенін, ренжігенін ешқашан естіп-көрмедік. Білмегенімзді ерінбей егжей-тегжейлі түсіндіреді. Біз «Роза Баишевна – Вы наш мозговой центр» деп айтамыз. Кафедра ұжымымен бірлесіп криминалистикадан оқулық шығардық, бұл еңбектің көбісін Роза Баишқызының орындауы мен үшін үлкен сабақ болды. Ол кісінің сабақ беру әдістемесі, айтқан ой-пікірлері, жазған ғылыми еңбектері – бізге жол сілтейтін бағдаршам іспетті. Еңбегінің рахатына бөленуіне тілектеспін.*



Тапалованың өмірінен көруге болады. Ол қыруар шаруа атқара жүріп, 1977 жылы Қазақ ғылыми-зерттеу институтында физикалық зерттеу әдістері кафедрасын басқарды. Мықты ұйымдастырушы, білікті басшы сот сараптамасын жүргізумен қатар кафедрада баспа өнімдерінің шығу көзін, қылмыс оқиғасының материалдық жағдайының элементтеріне қатысты ситуациялық мәселелерді, заттай дәлелдемелердің жекелеген түрлерін анықтап, шешу бойынша ғылыми зерттеулер жасады. КСРО Жоғарғы аттестаттау комиссиясының шешімімен аға ғылыми қызметкер атағын алды.

Ғылыми-зерттеу саласында 16 жыл үздіксіз еңбек еткен Роза Тапалова 1982 жылдан бері ұстаздық қызметте. Алматы халық шаруашылығы институтының құқық кафедрасында он жылға жуық оқытушы болып, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Заң факультетінің криминалистика және сот сараптамасы кафедрасына ауысты. Жақсы атымен, абыройлы еңбегімен, сабырлы мінезімен, халықшыл қалыбымен танылған Роза Тапалованың дұрыс бағыт беруімен қаншама жалынды жастар білікті кадр болып қалыптасты.

Оқу, білім, ғылым салаларына «инемен құдық қазғандай» тер төккен ғалым «Криминалистикалық идентификация теориясы және оның дәлелдеудегі рөлі», «Экономикалық саладағы қылмыстарды тергеу әдістемесі» сынды арнайы курстарды дайындады. Сонымен қатар, профессор Е.Жәкішев, тағы басқа оқытушылармен бірігіп, «Құқықтану» мамандығы бойынша тәуелсіз Қазақстан тарихындағы тұңғыш мемлекеттік білім стандартын жасады. «Құқықтану» мамандығы бойынша бакалавриат пен магистратураның мемлекеттік стандартының да авторы осы кісі.

Ғылыми зерттеулер оның кәсіби қызметінің құрамдас бөлігі саналады. Сараптама саласында Роза Баишқызы қатысқан жобалар өз алдына бір төбе. 2008–2009 жылдары ол Қазақстан Республикасындағы Ұлыбритания Елшілігінің грантымен «Журналистің сөз бостандығы құқығын қорғауда ақпараттық даулар бойынша сараптамалық

## Поздравление

**Батыр ШОПАБАЕВ,**  
ст.преподаватель кафедры уголовного  
права, уголовного процесса  
и криминалистики КазНУ  
им. аль-Фараби:

### **ВЫ САМАЯ СЧАСТЛИВАЯ ЖЕНЩИНА!**

*Я Вас поздравляю с 80-летием, с Вашим юбилеем. Я желаю Вам дома – полную чашу, желаю исполнения всех ранее несбывшихся желаний. Пусть все любимые Вами воспоминания и события всегда живут в Вашем сердце. Пускай таких событий будет еще много, ведь Вам еще много лет предстоит делиться счастливыми мгновениями с преданными и верными друзьями. Без сомнений – Вы самая счастливая женщина в мире!*

*Вы являетесь примером для нас, мы отдаем дань искреннего уважения Вашей мудрости и жизненному опыту, трудолюбию и жизнелюбию. Мы восхищаемся Вашей энергией, силой воли и интересом к жизни, умением радоваться каждому дню и наслаждаться каждым мгновением. От чистого сердца поздравляем Вас с прекрасным юбилеем, желаем долгих и счастливых лет в кругу родных и близких. Здоровья Вам, радости, заботы и семейного тепла.*

бағалауды жетілдіру» жобасына қатысты. Соның негізінде ғалымдар В.Ли және Қарымсақовпен бірге «Заң тәжірибесінде қарама-қайшы мәтінді лингвистикалық зерттеу» және «Даулы мәтіннің лингвистикалық сараптамасы» монографияларын шығарды.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің жобасымен «Жаһандану жағдайындағы қылмыстарды тергеудегі криминалистикалық технологияларды дамыту» тақырыбын зерттеді. Соның нәтижесінде Ресей, Беларусь және Қазақстан

криминологтарымен бірлесе отырып, 4 кітаптан тұратын «Криминалистика теориясы мен тәжірибесі» оқулығын жазды. Ғылыми зерттеулермен үздіксіз айналысқан Роза Тапалова заң ғылымдарының докторы Р.Джансараевамен «Жаһандану жағдайындағы экологиялық құқық бұзушылықпен күресу мәселелері», сондай-ақ, заң ғылымдарының докторы Л.Берсугуровамен «Экологиялық құқық бұзушылықпен күрестің қылмыстық-құқықтық, криминалистикалық аспектілері» монографияларын жарыққа шығарды.

Бұған қоса ол «Өмір және денсаулық туралы ғылымдар: халық денсаулығының негізі ретінде профилактикалық ортаны қалыптастыру», «Экология және денсаулық: Радон изотоптарының популяцияға онкоррадиогендік зақымдануы және оны биотесттердегі альфа-бөлшектердің сәулелерінде модельдеу» жобаларына қатысты. Осы ғылыми зерттеулер қорытындысында радиациялық қауіпсіздікті құқықтық реттеу мәселелеріне арналған ғылыми мақалалар жарияланып, Қазақстан Республикасының тиісті заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу үшін құзырлы мемлекеттік органдарға ұсыныстар жіберілді.

Педагогикалық қызметінде Роза Баишқызы оқу-әдістемелік құралдарды шығарумен белсенді түрде айналысты. Мысалы, 2005 жылы ол профессор Е. Жәкішев, оқытушылар Н.Темірболат, Г.Наймановамен бірлесіп қазақ тіліндегі ең алғашқы «Криминалистика» оқулығын шығарды. Бұл оқу-

лық жоғары және орта оқу орындары заң факультеттері студенттерінің, магистранттардың, сондай-ақ, құқық қорғау органдары қызметкерлерінің криминалистика саласындағы білім-білігін көтеруде жоғары маңызға ие.

Кейіннен профессор Қ.Шакиров, доцент Н. Мергембаева үшеуінің «Қазақстан Республикасындағы Сот сараптамасы: ұйымдастырылуы және өндірісі» оқулығы екі тілде жарық көрді.

Доцент Н.Мергембаева екеуі практикалық сабақтарды өткізуге арналған «Сот сараптамасы. Есептер мен тест тапсырмалары» жинағын, Н.Темірболат және Г.Наймановамен зертханалық сабақтарды қазақ тілінде өткізуге арналған «Сот сараптамасы», «Сот сараптамасы технологиясы» және «Криминалистикалық тактика» атты оқу әдістемелік құралдарын шығарды. Оның «7М04220 – Сот сараптамасы» және «7М04224 – Сот сараптамасы» білім беру бағдарламалары аккредиттеуден сәтті өтті.

Аталған білім беру бағдарламалары аясында жүзден астам магистрант білім алды. Жоғары деңгейде кәсіби білім берудің бірден-бір шарты сапалы оқулықтар мен оқу құралдарын шығару десек, Роза Тапалова бұл талап үддесінен шыға білген ғалым.

«Ұстаз деген өз уақытын аямау, өзгенің жанын аялау» – бұл сексеннің төріне шықса да, жұмысынан қол үзбеген Роза Баишқызындай ұлы ұстаздың жанымен рухани үндестік тапқан ұлы ұғым.

**Т.ИБАШЕВА**

# ЭТАПЫ РЕАЛИЗАЦИИ ЕВРАЗИЙСКОГО ИНТЕГРАЦИОННОГО ПРОЕКТА

## АЧЧОТЛАЦИЯ

*Евразийский интеграционный проект, направленный на углубление экономического сотрудничества между странами региона, представляет собой масштабную инициативу, требующую создания прочной институциональной структуры. Эта структура служит основой для управления интеграционными процессами, координации экономической политики и эффективного решения возникающих проблем. Создание такой институциональной основы является ключевым этапом в реализации интеграционных инициатив и гарантией их успешного функционирования.*



**И. РАЙХАНОВ,**  
практик-преподаватель  
«Кызылординский университет»  
Болашак»

## Значение институциональной структуры для интеграционного проекта

Институциональная структура играет решающую роль в обеспечении стабильности и эффективности интеграционных процессов. Она создаёт правовую и организационную основу, которая позволяет странам-участникам взаимодействовать на различных уровнях и в различных сферах. Без хорошо разработанной институциональной структуры интеграционные процессы могут столкнуться с множеством препятствий, таких, как недостаток координации, разногласия в политике и правовые барьеры.

Создание институциональной структуры включает несколько ключевых элементов, каждый из которых выполняет определённые функции и задачи:

**1. Высший орган управления интеграцией:** В большинстве случаев это совет глав государств и правительств, который принимает стратегические решения и опре-

деляет основные направления интеграционной политики.

**2. Исполнительные и регулирующие органы:** Такие структуры, как Евразийская экономическая комиссия, отвечают за выполнение решений, принятых высшим органом, и за координацию деятельности в различных экономических сферах.

**3. Судебные и арбитражные органы:** Эти институты занимаются разрешением споров между странами-участницами и обеспечивают соблюдение правовых норм и договорённостей.

**4. Секретариаты и рабочие группы:** Вспомогательные органы, обеспечивающие административную поддержку и оперативное решение текущих задач.

### **Цели и задачи институциональной структуры**

Институциональная структура должна решать несколько основных задач:

**1. Координация экономической политики:** Обеспечение согласованности действий стран-участниц в области торговли, инвестиций, финансов и других ключевых сфер.

**2. Разработка и реализация интеграционных программ:** Создание и внедрение программ и проектов, направленных на углубление экономического сотрудничества.

**3. Устранение барьеров на пути интеграции:** Выявление и устранение правовых, административных и технических препятствий, мешающих свободному движению товаров, услуг, капитала и рабочей силы.

**4. Мониторинг и контроль:** Постоянный мониторинг выполнения договорённостей и контроль за соблюдением интеграционных норм и стандартов.

### **Вызовы и перспективы создания институциональной структуры**

Создание эффективной институциональной структуры сопряжено с рядом вызовов. Одним из основных является необходимость учета интересов всех стран-участниц, которые могут значительно различаться. Это требует гибкости и компромиссов, а также наличия механизмов для урегулирования конфликтов и разногласий.

Кроме того, важным аспектом является

обеспечение устойчивости и адаптивности институциональной структуры к изменениям в глобальной экономике и политической обстановке. В современных условиях быстро меняющегося мира это становится особенно актуальным.

В перспективе создание прочной институциональной структуры позволит Евразийскому интеграционному проекту успешно развиваться и достигать поставленных целей. Это, в свою очередь, будет способствовать укреплению экономических связей между странами региона, повышению их конкурентоспособности на мировом рынке и улучшению благосостояния их граждан.

Первые попытки интеграции на евразийском пространстве восходят к 1990-м годам, когда страны бывшего Советского Союза искали пути для поддержания экономических связей и совместного развития. После распада СССР перед новыми независимыми государствами встали серьёзные экономические и политические вызовы, требующие поиска новых форм сотрудничества. В этот период различные международные организации и объединения начали формироваться с целью создания общей экономической зоны и укрепления политических связей между странами региона.

В 1994 году президент Казахстана Нурсултан Назарбаев предложил идею создания Евразийского союза, который мог бы стать эффективной платформой для экономической интеграции и политического сотрудничества стран постсоветского пространства. Идея Назарбаева предполагала создание наднационального объединения, которое обеспечило бы свободное движение товаров, услуг, капитала и рабочей силы между странами-участницами, а также координацию экономической политики. Эта инициатива была встречена с большим интересом и поддержкой со стороны многих стран региона, которые видели в ней возможность укрепления своих экономик и повышения конкурентоспособности на международной арене.

Идея Евразийского союза легла в основу будущих интеграционных процессов и сыграла важную роль в формировании институциональных основ Евразийского инте-

грационного проекта. В последующие годы были предприняты различные шаги для реализации этой идеи на практике. В 1995 году Россия и Беларусь подписали Договор о создании Сообщества России и Беларуси, который стал одним из первых конкретных шагов на пути к интеграции. В 1996 году к этому договору присоединился Казахстан, что дало начало созданию Таможенного союза, который позже превратился в Евразийский экономический союз.

Эти ранние инициативы заложили фундамент для создания более сложных и структурированных форм интеграции, таких, как Евразийское экономическое сообщество (ЕврАзЭС) в 2000 году, и подготовили почву для дальнейших интеграционных процессов. Важным элементом этих процессов стало создание наднациональных органов и структур, таких, как Евразийская экономическая комиссия, которые взяли на себя функции координации и управления интеграционными усилиями.

Исторический контекст и ранние инициативы сыграли ключевую роль в формировании институциональных основ Евразийского интеграционного проекта, создавая базу для дальнейшего развития и углубления сотрудничества между странами региона.

В 2000 году произошло важное событие, ставшее переломным моментом в истории евразийской интеграции: пять стран - Беларусь, Казахстан, Кыргызстан, Россия и Таджикистан - подписали Договор о создании Евразийского экономического сообщества (ЕврАзЭС). Этот договор явился первым значимым шагом на пути к формальной интеграции, создав прочную институциональную основу для дальнейшего сотрудничества. Подписание этого документа свидетельствовало о серьезных намерениях стран-участниц укрепить экономические связи и совместными усилиями добиться экономического роста и стабильности в регионе.

ЕврАзЭС был призван способствовать формированию общего рынка, который включал бы в себя свободное движение товаров, услуг, капитала и рабочей силы между странами-членами. Важнейшей задачей сообщества стало обеспечение координации

и экономической политики, что позволило бы избежать экономических конфликтов и создать благоприятные условия для роста и развития. Кроме того, создание единых экономических пространств подразумевало унификацию таможенных и налоговых систем, гармонизацию стандартов и норм, а также разработку совместных программ и проектов в различных отраслях экономики.

Подписание Договора о создании ЕврАзЭС также ознаменовало начало процесса институционализации евразийской интеграции. В рамках сообщества были учреждены различные органы и структуры, такие, как Межгосударственный совет, Интеграционный комитет и Межпарламентская ассамблея, которые занимались координацией деятельности стран-участниц и принятием ключевых решений. Эти органы получили мандат на разработку и реализацию совместной экономической политики, контроль за выполнением принятых решений и урегулирование возникающих разногласий.

Важным аспектом создания ЕврАзЭС стало стремление стран-участниц к интеграции не только на экономическом, но и на политическом уровне. Сообщество рассматривалось как платформа для политического диалога и сотрудничества, что позволило укрепить доверие между странами и создать предпосылки для дальнейшего углубления интеграционных процессов. Таким образом, подписание Договора о создании Евразийского экономического сообщества стало важным шагом на пути к формированию прочной институциональной структуры, необходимой для успешной реализации евразийского интеграционного проекта.

Высший Евразийский экономический совет (ВЕЭС) представляет собой основной орган, отвечающий за стратегическое руководство интеграционными процессами в рамках Евразийского экономического сообщества (ЕврАзЭС) и последующего Евразийского экономического союза (ЕАЭС). ВЕЭС состоит из глав государств и правительств стран-членов, что обеспечивает его высокий политический статус и возможность принятия ключевых решений, определяющих направления и приоритеты интеграции.

Процесс формирования ВЕЭС начался с подписания Договора о создании Евразийского экономического сообщества в 2000 году, когда была заложена основа для создания этого важного органа. ВЕЭС был призван стать платформой для обсуждения и согласования стратегических вопросов, связанных с экономической интеграцией, а также для принятия решений, направленных на достижение общих целей и интересов стран-участниц. Например, одной из первых задач ВЕЭС стало определение приоритетных направлений сотрудничества, таких, как создание общего рынка, унификация таможенных и налоговых систем, а также гармонизация экономической политики.

Высший Евразийский экономический совет регулярно проводит саммиты, на которых главы государств и правительств обсуждают наиболее актуальные вопросы интеграции и принимают стратегические решения. Например, на одном из первых саммитов ВЕЭС было принято решение о создании Евразийской экономической комиссии (ЕЭК), которая стала постоянным регулирующим органом, ответственным за реализацию интеграционных соглашений и координацию экономической политики стран-участниц. Это решение стало важным шагом в институционализации евразийской интеграции и укреплении её организационной структуры.

Кроме того, ВЕЭС играет ключевую роль в урегулировании спорных вопросов и устранении барьеров на пути интеграции. Например, в случае возникновения торговых споров между странами-членами, ВЕЭС рассматривает и принимает решения, направленные на их разрешение. Это позволяет поддерживать стабильность и предсказуемость интеграционных процессов, а также укрепляет доверие между странами-участницами.

Одним из ярких примеров работы ВЕЭС стало принятие решения о создании Евразийского экономического союза (ЕАЭС) в 2015 году, который ознаменовал новый этап в развитии евразийской интеграции. ЕАЭС предусматривает более глубокую интеграцию по сравнению с ЕврАзЭС, включая

не только экономическое, но и политическое сотрудничество. Высший Евразийский экономический совет продолжает играть ключевую роль в управлении и координации деятельности ЕАЭС, что позволяет странам-участницам эффективно взаимодействовать и совместно решать возникающие проблемы.

Важным этапом институционализации Евразийского интеграционного проекта стало создание в 2012 году Евразийской экономической комиссии (ЕЭК). ЕЭК была учреждена как постоянный регулирующий орган, предназначенный для управления и координации интеграционных процессов между странами-участницами. Основной задачей ЕЭК является реализация договоренностей, достигнутых в рамках Евразийского экономического сообщества (ЕврАзЭС) и Евразийского экономического союза (ЕАЭС), а также мониторинг выполнения обязательств, взятых на себя странами-членами.

ЕЭК обладает наднациональными полномочиями, что позволяет ей эффективно управлять интеграционными процессами и обеспечивать соблюдение общих экономических правил и норм. Например, ЕЭК ответственна за разработку и внедрение единых таможенных тарифов, которые применяются всеми странами-участницами. Это способствует устранению торговых барьеров и созданию более предсказуемой и стабильной экономической среды.

Одним из ключевых направлений работы ЕЭК является координация экономической политики стран-членов. Комиссия занимается анализом экономических показателей, разработкой рекомендаций по экономической политике и координацией усилий по их реализации. Например, в области промышленной политики ЕЭК разрабатывает совместные программы развития отдельных отраслей, таких, как машиностроение и энергетика, что позволяет странам-участницам эффективно использовать свои ресурсы и конкурентные преимущества.

ЕЭК также играет важную роль в мониторинге выполнения обязательств, взятых на себя странами-членами. Например, если одна из стран нарушает договоренности о

свободном движении товаров или применяет дискриминационные меры по отношению к товарам из других стран-участниц, ЕЭК имеет право инициировать расследование и принять меры для восстановления справедливости. Это обеспечивает соблюдение общих правил и способствует укреплению доверия между странами-участницами.

Кроме того, ЕЭК активно взаимодействует с международными организациями и третьими странами, что способствует интеграции Евразийского экономического союза в глобальную экономическую систему. Например, ЕЭК ведет переговоры с Европейским Союзом, ВТО и другими международными организациями по вопросам торговли и экономического сотрудничества. Это помогает странам-участницам ЕАЭС улучшать свои позиции на мировых рынках и привлекать иностранные инвестиции.

Важным достижением ЕЭК стало создание единого цифрового пространства, которое упрощает торговые операции и улучшает взаимодействие между странами-участницами. Например, внедрение электронных таможенных процедур значительно сократило время и затраты на оформление грузов, что способствует увеличению объема торговли и укреплению экономических связей.

Создание Евразийской экономической комиссии стало важным этапом в развитии Евразийского интеграционного проекта. ЕЭК обеспечивает эффективное управление интеграционными процессами, координацию экономической политики и мониторинг выполнения обязательств странами-участницами, что способствует укреплению экономических связей и созданию единого экономического пространства в рамках ЕАЭС.

Евразийский межправительственный совет (ЕМПС) играет важную роль в координации и контроле за исполнением решений, принимаемых Высшим Евразийским экономическим советом (ВЕЭС). Этот орган состоит из глав правительств стран-членов, что придает ему высокий уровень авторитета и позволяет эффективно реализовывать интеграционные инициативы и совместные проекты. В рамках ЕМПС обсуждаются и принимаются конкретные меры по реали-

зации стратегических решений, что делает его ключевым звеном в институциональной структуре Евразийского экономического союза (ЕАЭС).

Одной из главных функций Евразийского межправительственного совета является координация совместных программ и проектов, направленных на углубление экономической интеграции. Например, в рамках ЕАЭС страны-участницы разрабатывают и реализуют программы по развитию транспортной инфраструктуры, энергетики и промышленности, что способствует укреплению экономических связей и повышению конкурентоспособности региона. ЕМПС обеспечивает согласование действий и ресурсов стран-членов, что позволяет эффективно использовать потенциал каждого участника интеграционного процесса.

Евразийский межправительственный совет также играет важную роль в урегулировании спорных вопросов, возникающих в процессе интеграции. Например, если между странами-участницами возникают разногласия по поводу применения таможенных тарифов или других экономических мер, ЕМПС выступает в качестве платформы для обсуждения и поиска компромиссных решений. Это позволяет избежать эскалации конфликтов и поддерживать стабильность и предсказуемость интеграционных процессов.

ЕМПС занимается принятием мер для устранения барьеров на пути интеграции. Важно отметить, что такие барьеры могут быть как экономическими, так и административными или техническими. Например, в случае выявления препятствий для свободного движения товаров, услуг или капитала, ЕМПС разрабатывает и принимает меры по их устранению. Это может включать как изменение национального законодательства стран-участниц, так и разработку и внедрение единых стандартов и норм.

Одним из примеров эффективной работы Евразийского межправительственного совета является инициатива по созданию единого рынка электроэнергии. Этот проект предусматривает интеграцию энергетических систем стран-участниц и создание условий для свободной торговли электроэнергией.

В рамках ЕМПС были согласованы основные принципы и этапы реализации этого проекта, что позволило приступить к его практическому воплощению и заложило основу для более глубокой энергетической интеграции.

Евразийский межправительственный совет играет ключевую роль в координации и контроле за реализацией интеграционных решений, а также в урегулировании спорных вопросов и устранении барьеров на пути интеграции. Его деятельность способствует эффективному функционированию Евразийского экономического союза и укреплению экономических связей между странами-участницами, что в конечном итоге способствует развитию и процветанию всего региона.

В 2015 году вступил в силу Договор о Евразийском экономическом союзе (ЕАЭС), ознаменовав новый этап в развитии евразийской интеграции. Этот договор стал результатом многолетних усилий и переговоров между странами-участницами, направленных на углубление экономического сотрудничества и создание единого экономического пространства. ЕАЭС представляет собой более углубленную форму интеграции по сравнению с Евразийским экономическим сообществом (ЕврАзЭС), включающую не только экономическое, но и политическое сотрудничество, что позволяет странам-участницам более эффективно взаимодействовать и координировать свои действия на международной арене.

Одной из ключевых целей создания ЕАЭС является обеспечение свободного движения товаров, услуг, капитала и рабочей силы между странами-участницами. Это достигается путем устранения таможенных барьеров, гармонизации налоговой и тарифной политики, а также унификации технических регламентов и стандартов. Например, единые таможенные правила и процедуры позволяют значительно сократить время и затраты на пересечение границ, что способствует увеличению объема торговли и стимулирует экономический рост в регионе.

ЕАЭС также направлен на проведение согласованной экономической политики, что включает координацию в таких сферах, как

